

**"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі әзірлеген ведомстволық статистикалық байқаулардың нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасы міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 227 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 22 қыркүйектегі № 380 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 29770 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 2023 жылғы 19 қазандағы № 19 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 19.10.2023 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі әзірлеген ведомстволық статистикалық байқаулардың нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасы міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 227 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13485 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ведомстволық статистикалық байқауларының нысандарын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

5-қосымшада:

реттік нөмірі 3.9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	мүгедектігі бар адамдарды				
--	---------------------------	--	--	--	--

3.9	жұмысқа орналастыру, а д а м трудоустройство л и ц с инвалидностью, человек				
-----	---	--	--	--	--

";

б-қосымшада:

3-тармақта:

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1-жол бойынша басқа еңбек қызметінде жұмыспен қамтылған, бірақ басқа жұмыс тапқысы келетін, қосымша табыс (кіріс) тапқысы және бірнеше еңбек шарты бойынша жұмыс істегісі келетін, сондай-ақ жұмыстан бос уақытында жұмыс күшіне қажеттілік болған кезде жұмыс берушіге бағытталатын зейнеткерлерді, оқушыларды, студенттерді, мүгедектігі бар адамдарды және басқа адамдарды қоса алғанда адамдардың жалпы саны туралы деректер келтіріледі.";

жиырма төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3.9-жол бойынша мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру және олардың жұмыспен қамтылуының сақталуы көрсетіледі (мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы жұмыс орындары) (жастар практикасын, әлеуметтік жұмыс орындарын, қоғамдық жұмыстарды есепке алусыз)."

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қызметтер саясатын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е.Д. Оспановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі*

*Т. Дуйсенова*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК